Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аяңдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.
"Қарманған қарап қалмас!" - деген рас сөз,
Тоқтамай істе болсаң батып терге.
Жасынан оқу оқып, өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге.
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен,
Ерте өлген,көмілулі қара жерге.

# Ұлттың ұлы ақыны

# А.Байтұрсынұлының

# мерейтойына

# арналады

…

… өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Сәкен Сейфуллин



Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысының Торғай өңірінде дүниеге келген.
"Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы №5 ауыл қазағының баласымын. 1886-1891 жылдары екі кластық Торғай училещесінде оқыдым.1891- 1895 жж. Орынборда оқыдым. 1895 жылдан Торғайдың әр жерінде, бастауыш  училищелерде, мектептерде жұмыс істедім",- деп жазған екен.

Ахметтің 13 жасында әкесі Байтұрсын ауылына келіп, зорлық- зомбылық көрсеткен уезд бастығын сабап, 15 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге каторгалық жұмысқа айдалады. Осы оқиға Ахметтің ертерек күрес жолына түсуіне себеп болады



- Ұлтың ұлы ұстазы
- Ағартушы-ұстаз
- Тілші-ғалым
- Аудармашы
- Ақын
- Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.
- Ахмет Байтұрсынов өз халқың сүйген ПАТРИОТ адам




Патша отаршылдығына қарсы күрестегі белсенді іс-әрекетіне байланысты А. Байтұрсынов 1909 жылы Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға жер аударылады 1913 жылы Орынборда "Қазақ" газетін шығара бастады. Газет қазақ халқының ұлттық санасын оятып, азаттық күреске шақырды



А. Байтұрсынов 1917 ж. өз пікірлестерімен бірге "Алаш" атты партия құрды



Ахмет айдаудан 1934 жылы босатылды. Бұдан соң ол ешқандай мемлекеттік жұмыстарға араластырылмады.

1937 жылдың  8 қазанында Алматыда қайтадан тұтқындалып, 1937 жылы желтоқсанның 8 күні жазықсыз атылды.

# Шығармашылық өмір жолы

А. Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы мол

Әліппе

"Сауат ашар"

"Оқу құрал"

"Әдебиеттанытқыш"

"Қырық мысал"

"Маса"- төл тума және аудармалар


Р.С. ИМАХАНБЕТОВА
ҰЛАҒАТТЫ
ҰЛТ ҰСТАЗЫ
Мухамет-Халел Сулейманов

Қазағым – елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.



Талауда малың,
Камауда жаның,
Аш көзінде оянып.

Ахмет Байтұрсынов




Александр Затаевичтің «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабынан Ахмет Байтұрсынұлы берген 19 әнді табуға болады.




Үй мұражай ретінде 1998 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында ресми түрде ашылды.



**Ахмет Байтұрсыновтың**

**жарына арнаған өлеңі:**

**Сұрасаңыз есімі Александра Ивановна,**
**Ризамын құдайдың оны маған қиғанына.**
**Бір кәпірді мұсылман қылып сауаптапсам,**
**Тұрмайма он молданың иманына.**

  

Ахмет Байтұрсынұлы үш бірдей музыкалық аспапта ойнағаны анық. Ол домбыра ғана емес, скрипка мен фортепьяно да тартқан.



Республикада көптеген мектептер және көшелер Ахмет есімімен аталады

Қостанай қаласында оған ескерткіш орнатылды



Қостанай педагогика университеті Ахмет Байтұрсынов есімімен аталады

Аз сөзге құлағың сал, ақын інім!
Ой, пікір, рухымыз жақын, інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.

Өзімді ағаңмын деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім?
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғафу, інім.

# Назарларыңызға көп рахмет!